

## Тұрғын үй қатынастары бойынша тексеру парағының нысанын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2012 жылғы 8 маусымдағы № 246 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 5 шілдеде № 7791 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 447 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 23.06.2015 № 447 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 10-2-бабының 10) тармақшасына және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 15-бабының 1-тармағына

### **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Беріліп отырған Тұрғын үй қатынастары бойынша тексеру парағының нысанын бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Тұрғын үй шаруашылығы департаментінің директоры (В.К. Маслов):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) мемлекеттік тіркеуден өткен соң осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялады;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің ресми интернет-ресурсында жариялады;

4) осы бұйрықты жергілікті атқарушы органдардың назарына жеткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының орынбасары Н.П. Тихонюкке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

*С. Нокин*

Қазақстан Республикасы  
 Құрылыс және тұрғын үй -  
 коммуналдық шаруашылық  
 істері агенттігі төрағасының  
 2012 жылғы 8 маусымдағы  
 № 246 бұйрығымен  
 бекітілген  
 Нысан

### Тұрғын үй қатынастары бойынша тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған орган \_\_\_\_\_

Тексеру субъектісі \_\_\_\_\_

Тексерілетін объект \_\_\_\_\_

Объектінің орналасқан жері \_\_\_\_\_

Тексеру басталған күн \_\_\_\_\_

Тексеру аяқталған күн \_\_\_\_\_

Тексеру тексеруді тағайындау туралы 20 \_\_ жылғы «\_» № \_\_\_\_\_

актінің негізінде жүзеге асырылады.

№ р/с	Бақылау кезеңінде қойылатын талаптар	Иә/Жок/Талап етілмейді	Түсініктеме
1	2	3	4
1	Сервистік қызмет субъектісін анықтау туралы хаттаманың болуы. (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1421 қаулысымен бекітілген Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау қағидалары)		
2	Кондоминиумның әрбір объектісіне екінші деңгейдегі банкте ағымдағы шот ашу туралы растайтын құжаттардың болуы. (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1421 қаулысымен бекітілген Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау қағидалары)		
3	Үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің жиналысында бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге арналған шығыстар сметасының болуы. (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1421 қаулысымен бекітілген Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау қағидалары)		
4	Кондоминиум объектісін басқару органы ұсынған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге арналған шығыстар сметасына тұрғын үй инспекциялармен келісімнің болуы. («Тұрғын үй қатынастары туралы»		

	Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңы)		
5	Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі жұмыс түрлерін жүзеге асыратын сервистік қызмет субъектісімен шарттардың болуы. (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1421 қаулысымен бекітілген Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау қағидалары)		
6	Үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің жиналысы хаттамасының болуы. («Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңы)		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК